

«Кеден Одағының құқықтық негіздері» пәні бойынша емтихан сұрақтары:

1-блок:

1. Кеден одағының ұғымы мен жалпы сипаттамасына түсінік беріңіз. Кеден одағына мүше мемлекеттерді атаңыз.
2. Кеден одағының құрылу алғышарттары мен тарихына талдау жасаңыз.
3. Кеден одағының құқықтық негіздеріне сипаттама беріңіз. Кеден Одағының құқықтық негіздері пәнін атаңыз.
4. Кеден одағының кедендік құқықтық қатынастарының түсінігі және мазмұнын атаңыз.
5. Кедендік құқықтық қатынастардың басқа құқықтық қатынастармен арақатынасы және ерекшелігіне талдау жасаңыз.
6. Кеден саясатының ұғымы мен жалпы сипаттамасына талдау жасаңыз. Кеден Одағындағы кеден саясатының алатын орны мен маңызын сипаттаңыз.
7. Кеден одағының кеден саясатының бағыттарын атаңыз. Кеден одағының кеден саясатының мақсаты мен міндеттеріне түсінік беріңіз.
8. Кеден одағының заңнамалық бастауларын атаңыз. Кеден одағының кеден заңнамасының қалыптасуы мен даму кезеңдеріне шолу жасаңыз. Әр кезеңнің ерекшеліктерін атаңыз.
9. Кеден одағының құқықтық қатынастарын реттейтін заңнамалардың ұғымы мен түрлерін атаңыз және сипаттаңыз.
10. Кеден одағының Кеден кодексіне жалпы сипаттама беріңіз. Кеден одағының Кеден кодексінің құрылысына талдау жасаңыз.
11. Кеден одағының Кеден кодексі реттейтін қатынастар шеңберін атаңыз. Қазақстан Республикасының Кеден кодексі мен Кеден одағының кеден кодексіне салыстырмалы талдау жасаңыз.
12. Кеден аумағы және кеден шекарасы түсініктеріне сипаттама беріңіз. Кеден одағының кеден шекарасының түсінігін беріңіз.
13. Халықаралық кеден құқығының негізін атаңыз. Еуропалық Кеден одағын сипаттаңыз. Халықаралық кеден ұйымы шеңберінде қабылданған конвенциялар және оларға Қазақстанның қатысуы жайында баяндаңыз.
14. Кеден одақтары және басқа да халықаралық ұйымдарды атаңыз. Қазақстанның халықаралық кеден және өзге де экономикалық ұйымдарға қатысу және оларға қатысу мәртебесіне сипаттама беріңіз.
15. Кеден одағының органдарының құқықтық мәртебесіне сипаттама беріңіз. Кеден одағының органдарының жүйесін сипаттаңыз. Кеден органдарының негізгі міндеттері және құқықтарына сипаттама беріңіз.
16. Еуразиялық экономикалық одақтың құрылу алғышарттары, даму кезеңдері және тарихын баяндаңыз. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерді атаңыз.

17. «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың» қабылдануы және негізгі мазмұнын баяндаңыз.

18. Еуразиялық экономикалық одақтың басқару органдарының (Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес, Еуразиялық үкіметаралық кеңес, Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық экономикалық одақ соты) құқықтық мәртебесі, құрылымы және қызметін баяндаңыз.

19. Еуразиялық экономикалық комиссияның құрылу тарихын баяндаңыз. Еуразиялық экономикалық комиссияның негізгі мақсаттарын атаңыз. Еуразиялық экономикалық комиссияның қызмет өткеру тәртібіне сипаттама беріңіз.

20. Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы Кеден одағы және оның құқықтық мәртебесін сипаттаңыз.

2-блок (Кеден Одағының Кеден кодексі бойынша):

21. Кеден одағындағы кедендік төлемдер түсінігіне анықтама беріңіз. Кедендік баждарды және салықтарды есептеу, төлеу мерзімі мен тәртібі жайында баяндаңыз.

22. Кеден одағындағы кедендік бақылауды жүргізудің нысандарын, тәртібін және қағидаттарын баяндаңыз. Кедендік бақылау жүргізу кезіндегі кедендік сараптама және сараптама жүргізудің тәртібі мен мерзімін сипаттаңыз.

23. Кеден одағындағы кедендік тексерулерді жүргізу тәртібін анықтаңыз. Кедендік тексеру жүргізу кезінде кеден органының лауазымды тұлғаларының және тексерілетін тұлғаның құқықтары және міндеттерін баяндаңыз.

24. Кедендік декларацияны берудің алдындағы кедендік операциялар жайында баяндаңыз. Тауарларды кедендік шекара арқылы өткізудің тәртібі мен шарттарын сипаттаңыз.

25. Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағына келу, оның орны және уақыты жайында баяндаңыз. Тауарлардың кеден одағының кедендік аумағынан кету тәртібін сипаттаңыз. Шығу орындарында жасалатын кедендік операцияларға түсінік беріңіз.

26. Тауарларды уақытша сақтау туралы жалпы ережелерді баяндаңыз. Тауарларды уақытша сақтау орындары мен мерзіміне талдау жасаңыз. Уақытша сақтауда тұрған тауарлармен жасалатын операцияларды атаңыз.

27. Тауарларды кедендік рәсіммен орналастыру кедендік рәсімін талдаңыз. Тауарларды кедендік рәсіммен орналастырумен байланысты кедендік операцияларды атап шығыңыз және ашыңыз.

28. Тауарларды кедендік декларациялау туралы жалпы ережелерге шолу жасаңыз. Кедендік декларация түсінігіне анықтама беріңіз. Декларанттың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі жайында баяндаңыз.

29. Тауарларды шығару үшін негіздемелер және тауарларды шығару тәртібі жайында баяндаңыз. Тауарларды шығару мерзімдерін анықтаңыз.

30. Кедендік рәсімдердің түрлеріне талдау жасаңыз. Кедендік рәсімнің шарттары мен талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілік туралы баяндаңыз.

31. Ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімінің мазмұнын ашыңыз. Тауарларды ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастыру шарттарын анықтаңыз.

32. Экспорттың кедендік рәсімінің мазмұнын талдаңыз. Тауарларды экспорттың кедендік рәсімімен орналастыру шарттарын айқындаңыз.

33. Кедендік транзит туралы жалпы ережелерге шолу жасаңыз. Тауарларды кедендік транзитпен орналастыру шарттарын анықтаңыз. Кедендік транзиттің сақталуын қамтамасыз ету шараларын жіктеңіз.

34. Кеден қоймасының кедендік рәсімінің мазмұнын ашыңыз. Тауарларды кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастыру шарттарына талдау жасаңыз. Кеден қоймалары және олардың түрлерін ажыратыңыз.

35. Кедендік аумақта қайта өңдеудің кедендік рәсіміне түсінік беріңіз. Кедендік аумақта қайта өңдеу бойынша операцияларды саралаңыз.

36. Кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсімін түсіндіріңіз. Кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу бойынша қандай операциялар жүргізілетіндігін баяндаңыз.

37. Ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімінің мазмұнын ашыңыз. Тауарларды ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастыру шарттарын баяндаңыз. Ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу бойынша операцияларды анықтаңыз.

38. Уақытша әкелу (жол беру) кедендік рәсіміне түсінік беріңіз. Уақытша әкету кедендік рәсімінің ерекшеліктерін саралаңыз.

39. Кері импорт кедендік рәсімі және кері экспорт кедендік рәсімінің мазмұнын ашыңыз. Аталған кедендік рәсімдердің ерекшелігі, шарттары, тәртібі жайында баяндаңыз.

40. Тауарларды бажсыз сауда кедендік рәсімімен орналастыру шарттарын талдаңыз. Бажсыз сауда дүкендеріне анықтама беріңіз. Мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсімі, тәртібі және шарттары жайында баяндаңыз.

3-блок (есептер):

41. Кеден органының лауазымды тұлғасы Балғабаев А. азаматша Мутанова Ақмаралды контрабандалық тауар өткізуге күдікті ретінде жеке тексеру кедендік бақылауын жүргізу туралы шешім қабылдады. Жеке тексерудің талаптары қандай және тәртібін түсіндіріңіз?

42. Жеке кәсіпкер Б. кеден қоймасын ашу үшін кеден органына жолданды. Кеден органының лауазымды қызметкері ол үшін оның жеке меншікте үй-жайы болуы керек екендігін түсіндіріп өтінішті қабылдамады. Оның әрекеті заңды ма? Кеден қоймасын құру үшін қандай талаптар қойлады?

43. «Вектор» ЖШС-і шет мемлекеттен тауарлар әкелу кезінде кеден органының тауарға қатысты Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасын жүргізудің тәртібімен және тауарға берілген жіктеу кодымен келіспеді. Сыртқы экономикалық

қызметтің тауарлар номенклатурасын жүргізудің тәртібін және оның құқықтық негіздерін келтіріңіз.

44. Азамат К. Кеден одағының кеден шекарасы арқылы құны 135000 теңгелік зергерлік бұйымдар алып өтпекші болды, оған қарсы Кеден органы контрабанда үшін қылмыстық іс қозғады. Кеден органының әрекеті заңды ма? Кеден одағының кеден заңнамасын бұғаны үшін жауапкершілік, экономикалық контрабанданы саралаңыз.
45. Жеке тұлға Ресейден шыққан 1999 жылғы автокөлік алып келді. Ол өз автокөлігін жеңілдікпен ресімдеу үшін 2003 жылғы автокөлік деп көрсеткен. Мұндай жағдайда оның жауапкершілігі қандай, жеңілдікпен автокөлікті ҚР-ның аумағына кіргізу мерзімдерін және құқықтық негіздерін беріңіз.
46. Азамат Қырғызстан Республикасынан Қазақстанға жеке мақсатта деп 10 жұп аяқ киім, 5 былғары тон, 7 костюм алып келді. Оған қатысты кеден органдары Кеден одағының кеден заңнамасын бұзғандығы үшін әкімшілік іс қозғады. Жеке тұлғалардың Кеден одағының кеден шекарасы арқылы тауарлар алып өтуінің тәртібі және нормалары қандай? Кеден органының әрекеті заңды ма?
47. Уақытша сақтау қоймасындағы тауарларды жеке кәсіпкер толық кедендік рәсімдеу аяқталмай жатып саудаға шығара бастады. УСҚ-ғы тауарлармен қандай операциялар жасауға болады. УСҚ-ғы тауарларға кедендік бақылау жүргізудің нысандары мен тәртібі туралы айтыңыз.
48. Интеллектуалдық меншік объектісін азамат өзі автор болғандықтан уәкілетті органның келісімінсіз Кеден одағының кеден аумағынан сыртқа шығармақ болды, оның бұл әрекетін кеден органы заңсыз деп танып іс қозғады. Кеден органдарының интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықты қорғауының тәртібін сипаттап беріңіз?
49. Тауарлардың кедендік құнын анықтау кезінде азамат С. тауардың құнына оның сақтандыру құнын енгізілуіне қарсылық білдірді. Оның әрекеті дұрыс па? Тауарлардың кедендік құнын анықтаудың тәртібі қандай?
50. Кеден одағында жеңілдікпен автокөліктер кедендік ресімделіп жатыр. Оның мерзімі және тәртібі қандай? Кеден одағының кеден заңдарының уақыт жағынан қолданылуының тәжрибелік маңызын ашып беріңіз.
51. Мұнай экспорттаушы компания экспорттық рента салығын мұнайдың Қазақстан Республикасындағы нарықтық бағамы негізінде есептеп толтырды. Декларация толтыру кезінде қандай баға негізге алынуы тиіс? Компанияның құнды есептеуі салық заңдарына сәйкес келе ме?
52. «Керемет» ЖШС-і 2010 жылы Армения Республикасына өзінің құрал жабдықтарын кәсіпкерлік жүргізу үшін алып өтті, алайда 2012 жылы бұл компания кәсіпкерлікті ҚР-да жүргізетін болып, алып өткен тауарын қайта кіргізді. Ол тауарлардың кері импорты режимін пайдалана ала ма және оның шарттары қандай?

53. Кәсіпкер Д. Кеден одағының аумағына ірі мөлшерде электр құралдарын әкеліп, ол туралы тек екі ай өткен соң кеден органына мәлімдеді. Тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу тәртібін және мерзімдерін сипаттаңыз.
54. Жеке кәсіпкер кедендік декларацияны тауарды сатып алу бағасы бойынша толтырды. Оның әрекеті дұрыс па, кедендік декларация қандай құжаттардың негізінде толтырылады?
55. Кеден органдарының шешімдері мен қызмет әрекетіне азаматтардың шағым жасау тәртібін және нысандарын сипаттаңыз.
56. «Сәтті» ЖШС-і Түркиядан матаны Қырғыз Республикасына әкеліп әртүрлі киімдер тігеді. Ал ол тауарларды Қазақстанға әкеліп сатады. Мұнда тауарды шығарған ел қай ел болып табылады. Тауарлардың шығарылған елі: оны анықтау және анықтау кезіндегі ерекшеліктерді сипаттаңыз.
57. «Алпамыс» Өндірістік кооперативі өндірілген тауарлары үшін мемлекеттен жеңілдіктер алып отыр. Мұндай жеңілдіктерді алудың және ұсынудың шарттары қандай?
58. Тасымалдаушы компания тауарды халықаралық почта қызметін ұйымға өткізіп, ол туралы тауар межелі жеріне жеткенде ғана кеден органына хабарлады. Тауарлар мен көлік құралдарын Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізу тәртібі қандай?
59. Азамат В. Беларусьдан Қазақстанға 2 тонна бақша өнімдерін өткізбек болды. Оған кеден органының қызметкері тауардың құны жалпы тәртіп бойынша есептелетіндігін айтқан. Алайда ол мұнымен келіспейтіндігін, өз тауарын оңайлатылған тәртіппен өткізуге құқылы екендігін мәлімдейді. Оңайлатылған тәртіппен мұндай көлемдегі тауарды ресімдеуге бола ма және оның нормасы қанша?
60. Жеке кәсіпкер шет елден әкелген 10 тонна азық түлік тауарын пайдалану мерзімі өтіп кеткендіктен кедендік сақтау қоймасынан алып кетпейтіндігін және одан мемлекет пайдасына бас тартатындығын мәлімдеді. Ол мұндай кедендік рәсімге тауарын орналастыруға құқылы ма?